


1 2010
21611к



Жеңімпаз жас ақын-жазушылардың антологиясы



Халықаралық «Шабыт» шығармашыл

жастар фестивалінің

Бас жүлде (Гран-При) және 1 орынды

женіп алған жас ақын-жазушылардың

антологиясы

ШАБЫТ

Женімпаз жас ақын-жазушылардың

антологиясы

Астана - 2009

**Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар
фестивалінің Бас жүлде (Гран-При) және 1 орынды
жөніп алған жас ақын-жазушылардың антологиясы
Астана қаласы Әкімдігі Мәдениет басқармасының
қолдауымен жарық көріп отыр.**

Алғы сөзін жазғандар: Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
Төлеген МҰХАМЕДЖАНОВ,
Фариза ОҢҒАРСЫНОВА.

Құрастырган: Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бұл антологияға Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар
фестивалінің Бас жүлде (Гран-при) және 1 орынды жөніп алған жас
акын-жазушылардың шығармалары топтастырылып отыр. Жинақтағы
өлеңдер өр рухымен, жаңашылдығымен, нәзік лирикасымен ерекше-
ленеді.

Кітап қалың оқырманға және әдебиет сүйер қауымға арналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00226679

ИМАНҒАЛИ ТАСМАҒАМБЕТОВ, Астана қаласының Әкімі

Қазақ елі Тәуелсіздігін алып, еңселі Елордасын есіле аққан Есілдің жағасына көшіріп, жас Астананың шаңырағын көтеріп, керегесін кере бастаған мезеттен ел мәдениетінің мәйегіне айналып, жас таланттардың бақжұлдызын жарқыратқан Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің орны ерекше. Астананың символына айналған осы бір фестиваль – адамзаттың жан әлеміне сәуле шашқан жүргегінде нұрлы жұлдызы бар жас ақындардың шабытын шарықтатқан киелі шара екенін уақыт өзі дәлелдеп отыр. Ол жылдан жылға жаңарап, тамырын тереңге тартып, өрге ұмтылып өркен жайып, өзіне үлкен өнердің ең көрнекті өкілдерін тарта түсмен, тың есімдерді жарыққа шығарумен мәңгілік өнердің рухани ошағына айналып келе жатыр.

Қазақ қашанда ақынын аялап, қаламгерін ардақтаған. Сондықтан біз «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің әдебиет номинациясы бойынша ең үздік атанған жеңімпаз ақын-жазушылардың таңдамалы антологиясын құрастыруды дұрыс деп таптық. Осы топтамалардағы жас ақын-жазушылар әдебиет әлемінде өзінің орнын тауып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра бастаған таланттар. Ендігі жerde Тәуелсіз Қазақстанның танымал әдебиетіне өзіндік үнімен келген жас толқынның туындыларын бағалау - көзі-қарақты қалың оқырман, Сіздердің еншілеріңізде.





ТӨЛЕГЕН МҰХАМЕДЖАНОВ
Қазақстан Республикасы
Сенатының депутаты

Қадірлі оқырман! Ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсаған Тәуелсіздігін алғып, ел Астанасын самалы жұпар, сайын дала – Сарыарқаның төсіне көшірген уақыттан қазақ мәдениетінің мерейін тасытқан Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалі екені өздерінізге белгілі. Фестиваль аясында өтетін шығармашыл жастар байқауына қатысуға бүгінгі күнде көршілес мемлекеттерден мүдделі жандар жылдан жылға артып келеді. Осынау өнер додасының мәртебесіне кешегі өткен кезеңдерге көз тастай отырып, көнілінді марқайтатын жауап табуға болады. Жыл сайын әлемнің ірі консерваториялары мен өнер ұжымдарынан танымал тұлғалардың, мәдениет майталмандарының қатысуы фестиваль даңқын айдай әлемге паш етіп отыр. Қазақ ақын халық. Көмейінен күй сынды сұнқылдал төгіліп, боз жусандай бүркүраған жұпар сөзі ел басына төнген талай қатерден құтқарғаны қарт тарихтың қанды параптарынан белгілі. Міне, бүгін Тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз әдебиетіндегі жас дарындардың антологиясы сіздерге сапар шегіл отыр. Осы антологияға топтастырылған ең үздік шығармалар – елімізге танылып қалған әрбір жас ақын-жазушылардың еркін һам нәзік жүрегі мен асқақ рухының айнасы. Бұл антология – қазіргі қырандай күшті қанатты қазақ жастарының жарқын бейнесі. Тәуелсіздігіміздің жемісі.

Жас таланттардың қанаты талмасын қадірлі оқырман!



Фариза ОҢҒАРСЫНОВА,
ақын, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның Халық жазушысы



ЖАҢА ФАСЫРДЫҢ ЖАС ТҰЛПАРЛАРЫ ЖОЛДАРЫҢ БОЛСЫН!

Өлең – жанарына мөлдір жас тұнған таза жүректің іңкәр дірілі мен ғайыптан самал болып ескен жан уілі. Ол кез келген талантты ақынның әдемі дүниетанымына, оған Жаратушының аманат етіп тапсырған қарым-қабілетіне қарай дүниеге келіп, белгілі бір дәрежедегі тылсым күші бар қасиетті өуенге ие болады. Осы бір қасиетті өуенді өуелетіп, адам ақылынан тәуелсіз етіп шырқау шыңға шығарып, өте пәк сезім тілімен күбірлететін тек қана періште тектес перизат һәм тәkkапар шабыт.

Шабыттың шүғыласына бөлөнген жан иесіне тылсым шексіздігінен қанат қағып келіп, жүректің жұлдызына айналып, асқақ рухтың қуатты күші арқылы маңдайында жазылған жазмышта қалықтайтын поэзия адамзатты сулулық әлеміне жетелеп келеді. Ол бұл дүниенің ең соңғы күніне дейін жетелей бермек. Нағыз өлең – көкейіңе көктем орнатып, ақылынды шуақа бөлейді, рухынды қанаттандырады. Сөз бейнесінде жалған дүниені жылдытып, өзегінде әсемдік пен үйлесімдікті көркем билеткен поэзия адамзаттың қанында мәңгілік өмір сүреді. Демек, сол мәңгілікке сапар шеккен жұлдызы қанды (текті) жалғастыруыш – артымыздан ерген ақ желкен жас буын. Жанарында жастықтың жалыны бар, заманына қарай өз көзқарасы қалыптасқан жігерлі жастар, Тәуелсіз Қазақстанның жастары поэзия патшалығын өлсіреткен жоқ. Қайта жаңа түр, жаңа серпіліс әкелді десек, артық айтпаған болар едік.

Еліміз тәуелсіздігін алып төрткүл дүниемен терезесі тен болып, ұлан-ғайыр даласының жүргі болып лұпілдеген – Сарыарқаның төсіне елордасын салып айдай әлемге өзін әйгілеген уақыттан бастап, яғни, Астана Астана болған сәттен шаңырағын көтеріп, керегесін керіп, алыс-жақын шет елдердегі және өз еліміздегі талантты жастарды қанаттандыратын ерекше маңызы бар шара – Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалі екені шындық. Міне, өзегінде өлең бүркүраған жас ақын-жазушыларды, жалпы жаны гүлдеген жас өнер өкілдеріне үлкен қолдау көрсетіп, шабытын шалқытатын шараны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қолдап, ЮНЕСКО аясында Астана қаласы өкімдігінің үйымдастыруымен елордада жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл фестивалдің қазақ әдебиетіне қосып отырған өзіндік үлкен үлесі бар деп білемін. Олай дейтін себебім, бір кездегі Қазақ КСР-і шығармашыл жастарының «Жігер» фестивалінде танылған жас ақын-жазушылар қазіргі кезде әдебиетте өзінің орны бар ірі тұлғаларға айналды. Осы орайда, Қазақ даласының әр түкпірінен жүргін қолына ұстап, аузынан аппақ сөзі аңқып, Астанаға жиналатын жас қауырсын таланттардың еңбегін әділ бағалауда әділқазылар алқасының сінірген еңбегін ерекше атап өткім келіп отыр. Мысалы, Рымғали Нұрғалиев, марқұм Ақселеу Сейдімбек, Әнес Сарай, Қойшығара Салғарин, Алдан Смайл, Серік Негимов сияқты көрнекті сөз зергерлерімен қатар, Нұрлан Оразалин, Ұлықбек Есдаulet, Ерік Асқаров, Серік Тұрғынбеков, Қонысбай Әбіл, Маралтай Райымбекұлы сынды адудынды ақындардың ақ адап еңбегінің орны бір бөлек әңгіме.

Кешегіміз бен бүгінімізді болашаққа әлдилеп, аялап аппаратын жас таланттарға қолдау әр кезде де керек. Қолдау тапқан дарынды жастар әдебиетімізді аспандатпаса аяқ асты етпейді. Олар өздерінің кең тынысымен, әр рухымен келешекке кемел әдебиет жасап береді деген сенімдемін. Жастарды алтын дөдегелі Астанаға жинап, әлемдік деңгейде сөз бәйгесін жасап берумен қатар, қымбатты оқырман, Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен «Шабыттың кітапханасы» жаңа бір кітапты жарыққа шығарып отыр. Кітаптағы шығармалар Халықаралық «Шабыт» шығар-

машыл жастар фестивалінде Бас жүлде (Гран-При) және 1 орын алған таланттардың жұлдызды шоғыры болып отыр. Бұл кітап – алуан-алуан жүйріктердің көсіле шапқан көркем бейнесі. Осындай игі іске Астана қаласының Экімі Иманғали Тасмағамбетовтың жанашыр болғаны да көңілге шаттығын шашып, қуаныш ұялатады.

«Шабыт» - шырайлы һам қасиетті өнер мерекесі. «Шабыттың» ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. «Шабыт» танытқан таланттардың көптігіне мақтанайық. Эр жылдағы қоңыр күз бен қара күздің ортасында қасиетті қара сөз бен өлең сөз Астана аспанында қалықтайды. Эр жылы әдебиет айдынына жас таланттар қанат қағады. Биыл он екінші рет өткізgelі отырған осы фестиваль аясында танылған әрбір жеңімпаз жас ақын-жазушының өзіндік қолтаңбалары бар. Тәуелсіз қазақ әдебиетінің аспанына жұлдызды шоғыр болып қалыптаса бастаған да осы «Шабыттың» жеңімпаз жастары.

«Шабытта» танылған таланттар шоғыры десек, Жанат Эскербекқызы, Талғат Ешен, Маржан Ершу, Дәuletкерей Кәпүлұ, Алмас Теміrbай, Бауыржан Бабажанұлы, Ерлан Жұніс, Бақытгүл Бабаш, Мақсат Мәлік, Құралай Омар, Бауыржан Қарағызыұлы, Әлия Дәuletбаева т.б жас қаламгерлерді ерекше атауға болады. «Шабыт» әр жыл өткен сайын бұл тізім ұзара түседі. Жастарға жарқын болашак, шабытты шақ тілеймін!

21- ғасырдың басындағы 21 жас тұлпар өмірде де, өнерде де жолдарың болсын!





ТАЛҒАТ ЕШЕНҰЛЫ (ҚЫРЫҚБАЕВ)

1974 жылы 15 қазанда Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Аяқөз ауданы, Тарбагатай ауылында туған.

1991-1996 жылдары Әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университеті журналистика факультетінде оқыды. 1996-1998 жылдары “Заман-Қазақстан”, “Жас алаш” газеттерінде жұмыс істеді.

1998-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде түрлі жсауапты қызметтер атқарды. 2004-2005 жылдар аралығында “Жас алаш” газетінің Астанадагы тілшілер қосынының жетекшісі болды.

2005-2008 жылдары “Жас қазақ” республикалық қоғамдық-саяси апталығының бас редакторы.

Ж. Нәжімеденов, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтардың лауреаты. “Шабыт” халықаралық шыгарма шылдық фестивалінің жеңімпазы. КР Президенті стипендиясының, Халықаралық “Абай” медалінің иегері. “Дарын” мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2006 жыл).

2008-2009 жылдары КР Президенті Экімшілігінде сектор менгерушісі. 2009 жылдан бері “Нұр Отан” партиясы Төрагасы бірінші орынбасарының кеңесшісі.



АЛМАТЫ ВОКЗАЛЫ

Алматы вокзалы.

Жол – тарау, терісайырық.

Тұн.

Шойын рельстер тыңшыған.

Тыңшыған дүниенің көкірегін қарс айрып,
перронда ән айтты бір сыған.

Ән айтты бір сыған, көнілімді босатты –

аққудың дауысы сыңсыған.

Көзімнен шым-шымдал ып-ыстық жас ақты,
жас деймін өртеген мұң шығар ?!

Өртеген мұң шығар – жанымның у-балы,

бәлісіп ішуге кім шыдар ?

Кім шыдар, ойладым мен өзің туралы,
кімді ойлап тұр екен, бұл сыған ?

Алматы вокзалы.

Жол – тарау, терісайырық.

Мұңға құл – бір қазақ, бір сыған.

...Дерт алған өсершіл жүректі қарс айрып,
бөу, ғұмыр, бір күні тыңшығар !

ФОРМУЛА

Бәрімізде қу тірлік:

інірде – тек көлеңкеңмен достасу;

тұнде – жылап ағатұғын жұлдыздармен қоштасу;

таңда – қайта тұрлауы жоқ тіршілікпен астасу,

саяқсыған жаныңды адамдардың арасына

ықтиярсыз ап қашу

Әттең, жалған – бір күндік:

күндер-ай піскен алмадай;

тұндер-ай қара қарғадай;

бататұғын кештер-ай түк аңдамай;

мінезінен жаңылмайтын тандар-ай !

Осы өмірге шыдап жүрсің сен қалай ?!
Осы өмірге шыдап жүрмін мен қалай ?!.

САҒАН...

I.

Өзіңсіз бір тұрлі
бояусыз мына өмір, ақылдым:
қып-қызыл мың күнді
сарғая-сарғая батырдым;
қап-қара мың түнді
көкпенбек сияға матырдым;
қоңыр мұң күлкімді
ұрлады.
Жазуға отырдым –
ақ қағаз жыртылды,
қу тартып боз таңды атырдым.
... Өзіңсіз бәрібір,
бояусыз мына өмір, ақылдым.

II.

Қарашығы көзімнің.
Сен ғой менің өзімнің
көз тамшымнан жарапғансың,
оралғансың солай маған екінші бір ғұмыр бол.
Бар қымбатым сен ғанасың,
сенен басқа түгім жоқ.

Өлеңіне алданған,
өрлігіне малданған
тағдырымның мойынына тұмарым бол байландың.
Менің мұнсыз күндеріме жол болған,
тұмарым сол,
қаз үніңнің дірілінен айналдым.

Сен болғасын ғана өмірге ынтызар –
жүрегім.

Жүрегім –
дәрісің ғой мен үшін.
Сен болмасаң қалай өмір сүремін –
бәрісің ғой мен үшін !

ЖАҢБЫРЛЫ КҰЗ ЖЕТКЕН КЕЗДЕ

Жаңбырлы кұз жеткен кезде
жолығыстық, тағдыр ма ?
Бұл не, мәлт-мәлт еткен көзде –
жас па, әлде, жаңбыр ма ?

Жаңбырлы кұз жеткен кезде
Айырылыстық, тағдыр ма ?
Бұл не, мәлт-мәлт еткен көзде –
жас па, әлде, жаңбыр ма ?

Өрекпіген өтті кез де,
Жас құрғаған, жаңбыр да...
Бір нәрсе мәлт өтті көзде,
бұл не тағы, тағдыр ма ?!

СІЗГЕ...

Қойылмаған сауалдар,
алынбаған жауаптар,
яғни,
ұялшақтық қып-қызыл,
самарқаулық тәкаппар
белгілі де белгісіздеу себеппен,
күнде, кейде кенеттен
құлазыған тағдырымызды астаң-кестең еткенде,
ауыр әрі аяулы бір мұн кештік.

...Музыкаға елігіп,
Менің осыны айтқым келген.

Тыңдамайсыз, тынасыз.
Көлөңкеңізге ашына сізді ырықсыз түсінем,

сіздікі де дұрыс шығар.
сезім ақыл емес қой,
махаббатта ақыл жоқ !
Ал, менің айтпак болғандағым –
бәйшешектөй армандарым,
бәлкім, менікінің бәрі сонда,
білмestіk ?

Расында ойласам ше,
оралмайтын іңкәрліктер қызыққа,
құштарлықтар ерлікке;
сүйілмеген еріндер мен биленбеген вальстер;
уәдесі мол кештер болсын,
жетпей қалған уақыт та,
жаппы,
“осы естеліктер – өткір пышақ тәрізді”
мыңға мәнсіз,
кімге ыстық ?

Бірақ бар ғой,
күзді ұзатқан тырналадың әнінен;
көктем иісі бүркүраған бұлттардан;
әр қыз сыйлаған әдеміліктен,
әдемілік бол жеген үміттен;
тосу мен айрылысадан;
қашу мен сағыныштан;
тағы, тағы, тағысынан
жерініп жүріп, бәрібір,
жеті ішектің қоңыраулағанындей
тапсам дейсің үндестік !

...Музықаға өлігіп,
сіздің де осыны айтқыңыз келетіндей.

ТҮНГІ НОВЕЛЛА

Қытықтайды мазақтап,
самсаған шам жымыны.
Шақырады ләззатқа
Алматының інірі.

Таңды ұрып таңдарға,
үкі-жандар жүр саулап,
кафелерде, барларда
шөлмектерден күлкі аулап.

Біз де сондай екенбіз,
елеуреген екі ерке !
Әңгіме айттық екеуміз,
әлди айтты бөтелке.

Сіз айтасыз:
– Бәрі мас !
– Мастыққа жын ереді.
– Жалғыздық ше ?
– Ол, рас,
мұңға сүйрей береді.

Мен айтамын:
– Бір сәттік
ләззат құны – төсекте !
Сіз құптайсыз:
– Бұл шаттық –
әзәзіл, не десек те...

Қысықкөз шам сыйрайып,
білтесінде тұн еріп,
сіз қаласыз мұңайып,
мен қаламын тұнеріп.

Толқиды өуен талайсыз,
тағдыры бол талайдың.
Тerezеге қарайсыз,
терезеге қараймын.

Көз бен әлем – көктүнек,
тағы шарап алғыздық.
Жүрек төрін тепкілеп,
твист билейді жалғыздық.

Жақындайсыз абайсыз,
құшағыма ораймын.
Көкжиекке қарайсыз,
көкжиекке қараймын.

Бода-бодасы шығып,
Ай боздайды – сыңарсыз.
Біреуді жан ұшырып,
сіз де іздейтін шығарсыз.

Мен де әңімде, түсімде
іздеп жүрем – мәңгіге
жалғыз қалмау үшін де.
...Айтыңызшы әңгіме !



ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ

1966 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбагатай ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. “Farыш билер ғұмырымды”, “Қаракөз бұлақ”, “Қаңтардагы қызыл гүл”, т.б жыр жинақтарының авторы.

Халықаралық “Шабыт” фестивалінің Гран-При жүлдесін жеңіп алған.



* * *

Анау жұлдыз...
Мазақтады,
Тірлік қандай о жақтағы.
Тәнімді тұн еркелетіп,
Ал, жанымды азаптады.

Анау ай да
Міз бақпады,
Жүрегімді сыздатқаны,
Сыртым – шілде,
Ішім – ақпан,
Сезіміме мұз қатқаны.

Анау аспан
Тұнереді,
Өстіп-өстіп тұн өледі,
Ғұмырымдай елес берер,
Толған айдың жүдегені.

Мынау таңға
Айтарым көп,
Сауалыма қайтарым жоқ,
Фарыш жаққа қадам басам,
Біраз жүріп қайтамын деп.

* * *

Құдірет деген құс бар деп
Айтатын апам бір аңыз.
Құс болса көкке үшқан деп,
Ұғынған едік мына біз.

Жаралған қанат сыңар боп,
“Құдырет-ау” деп тек зарлайды.
Құдайдан медет сұрап көп –
Күні-түн жағы талмайды.

Айтатын апам сабырмен
Азапқа батқан құс халін.
Азапқа бір күн табылды ем –
Қуанғам естіп үшқанын.

“Бірігіп қос құс – қос қанат
Қалықтап көкке шығыпты.
...Жанарды бұл күн жас қамап
Жарым көнілім сыр үқты.

Жүрекке түнер түн-індеп,
Жанымды жатыр мұң іреп.
Күп-күлгін кеште күбірлеп,
“Құдірет – деймін – құдірет...”

* * *

Суылдаған сұр жебе –
Нысанада тұр дене.
Қақ жүректен қадалса
Қайғы емес пе кімге де.

Суылдаған сұр жебе –
Мерт болады құр дене.
Ажал деген немене
Андып жүрген бірдеме.

Ғұмыры оның мәңгілік,
Көюжиекті шаң қылып,
Шарқ ұрады неліктен
Тұнді апарып таңға ұрып.

Кімнен алар ақысын,
Кім тергейді жат ісін.
Бір сұр мерген аңдуда
Әр адамның қапысын.

Қадамыңды санайды ол,
Ту сыртыңа абай бол
Аңдыған жау алады –
Қалай босаң солай бол

Тірлік қайда тұшынар,
Құр қиялдың күші – нар.
Жүргімді сыздатқан
Сұр жебенің ұшы бар...

* * *

Алдамшы өмір, құрғыр ма ең,
Құрғыр дүние, бұлдыр ма ен?!
Нәлет айттым мың құнге
Көнілім қалып бір құннен.

Тұн керексіп тәнімді,
Тұмшалады таңымды.
Тойымсыз сұм кекірер,
Сорып, сорып нәрімді.

Өмір – жалған, алдамшы,
Ер опасыз, жалғаншы.
Сең кешкендей сезімім,
Сеніміме алданшы!

Көзімді алдап көлгрілік,
Көсемсімін мен мұндық.

Арсыздықты айтактап,
Абыройды жер қылдық.

Дүние шіркін кезек-ті,
Алтын өзін жez етті.
Ішкен суым сор татып,
Тіліп кетті өзекті.

Күн көзінде тамшымын,
Тұз бол кеүіп қаңсыдым.
Көмейіме құйылсай
Ханым ішер бал-шырын.

Жасық болса жақсы да ез,
Тәнін бұркер тапшы бөз!
Тыржалаңаш өмірді
Тіміскілер нәпсі-көз.

Тұннен қарар сөгіп Ай,
Жазғырады ол мені ұдай.
Өксіп-өксіп алдым да,
Құрсіндім кеп... Өмір-ай!

* * *

Қап-қара тұнге қадалып,
Қап-қара көзге мұң тұнар.
Қапалы үміт жоғалып,
Қаралы көңіл бұлқынар.

Жабығып жатқан қырқаға
Жабырқай қарап тұр аспан.
Жағасын боран жырта ма,
Жүлқына ойнап, қыр асқан.

...Ақ кебін киген қыратқа
Бауырын тәсеп қара тұн,
Жеткізер жайып қыратқа
Қарақұс сынды қанатын.

Ағаштар басын түр иіп,
Еңсесі түсіп, бүрісіп.
Кеудеге бір мұң құйылып,
Бір суыр жүрек, бір ысып.

Қаһарлы қаңтар қабарып,
Долданар бардай ақысы.
Қыңша ай туды жаңарып,
Өзіне жайлы жатысы...

* * *

Жошыны жұтқан Шыңғыстай
Әлтіріп алдым өлеңді.
Ақыретке дейін мұң құспай
Жүре алмаспын-ау мен енді.

Көз жасымменен тізген ем,
Мәлтілдетіп-ақ әр жолын.
Сәтімде бүгін іздеген
Қаңқасы ғана қалды оның.

Күйбен тірлікке құрбандық
Болып кетті ме шынымен...
Қалғанда үнсіз шың қалғып,
Үгіліп шығам тұнімен.

Әлтіріп алдым өзімді –
Естіртер жанға жазам бар.
Бейшара сезім көз ілді,
Шабыттың қайда азандар?!

Өкініш өртеп өзекті,
Шыңғыстай аласұрдым мен.
Дүние шіркін кезек-ті,
Түбі қайтеді, кім білгенді...

* * *

Тәнін бүркеген жапырақ еді,
Пәршалап кетті қараша.
Қараша неткен ақымақ еді,
Сұрайды қайың араша.

Лыпалық біреу тастамады да,
Қалғандай болып көз құны.
Мөлтілдеп шырын-жас тамады ма,
Аз емес еді өз мұны.

Кеберсіп қалған шөл-таңдайыма
Қайыңның жасын татырдым.
Шипа бол тиер сөл қандайыңа,
Татырып алып, аһ ұрдым.

Жұп-жұмыр дene ұмсына жаурап,
Көргеннің есін алып тұр.
Қызыбалау бұлт тұншығады аунап,
Есінен мұлде танып бір.

Желігін басып, мұлгиді қайың,
Бойсұнып үнсіз тағдырға.
Бұлт көзінен сырғиды уайым
Жуасып қайың алдында...

* * *

Тымық түнде күбірлейді не деп қыр,
Қытықтайды қойнындағы бөбек-гүл.
Боз сәулесін пейілімен ақтара
Толған айды зәулім терек демеп тұр.

Балғын қайың сыбырлайды тәтті үнмен,
Сылдыр қағып, бұлақ сөйлер шат тілмен.
Тұн құшағы – тұпсіз, тұпсіз тұңғиық,
Тұңғиыққа қиялыммен баттым мен.

Мұңлы аққудың талып жетті сұңқылы,
Қос жүректің жиілейді бұлкілі.
Жапырақтар бәйіт оқып сыбырлар
Бұл – ғажайып мың бір тұннің бір тұні.

Шаһ-теректің бойын алған дерт еді,
Сонда дағы ай-аруға елтеді.
Шырын лебіз аппақ нұрдай төгіліп,
Шаһризада ертегісін шертеді.

Жанды баурап өфсанасы не түрлі,
“Айтшы-айтшы”-лап жұлдызкөз тұн өтінді.
“Үзілмесе екен үні” деп тілер,
Балғын қайың – Дүниязада секілді.

Ұйқысырап, күбірлейді не деп қыр,
Құшағында маужырайды бөбек-гүл
Басын шайқай тамсанады падиша
Бекзат сұлу ойға бастап ерек бір.

Бар қаһары сезіміне тұншығып,
Жан дертінен кеуде жара күрсініп,
Ұмынып ед, бауырына басқалы
Бұлт етті ару, болар-болмас қымсынып.

Қалды терек, есін толық жия алмай,
Таң білінді, жаңына нұр құярдай.
“Келер күнде қауышармыз” дегенді,
Ұқтырады ай, балдай сәтті қия алмай...

* * *

Бұлтқа қарай аяқ бастым,
Жалғыздық
Құтқармады бәрібір.
Шөлдегендеге үмітімді жалбыз қып,
Аспан жаққа егіп кеттім сары гүл.

Фарыш мені тылсымына сінірді –
Көкшіл тұс боп дарыдым.

Сары гүлім аспаннан да тұнілді,
Желегіне артып алғып тағы мұн.

Кеңістіктің кемтарлығы...
Не сұмдық?!
Енді қайдан жанға сая іздеймін?!
Пенделердің пенделігін кешірдік...
Не қылармын...
Тіршілікten көнілі қалған күздеймін.

Бұлт көзінен мәлдір тамшы сырғыды,
Қалды менің не жаным?!
Бәрін-бәрін талақ қылып бір күні
Соңғы өлеңді жазамын.

Өксігімді ғарыш тыңдар...
түйсінер
Жер басуға келмейтінін халімнің.
Біреу бар ма болмысыма сүйсінер
Сардаланы кезіп жүрген сағыммын...

Күнге – қонақ,
Айға мұңdas болармын,
...Өрең жетсе сен де жерден алыста,
Аппақ нұрмен мойыныңды орармын,
Көзіңді ашшы ғарышқа...

* * *

Жауқазын шақ жалт етті,
Қызғалдақ күн қылт етті.
Мұнарланған көгімді
Күнгірлетіл бұлт етті.

Жанарымда тұн қалды,
Жүрегімде мұн қалды,
Несіне Аллам сыйлаған
Жалған да жалған мұңдарды.

Мың жұмбағы шешілмей,
Өкінішті өшірмей.

Өте шықты бір күндер,
Қыз Жібектің көшіндей.

Тәтті елеске тұнып қыр,
Көз ұшында күліп тұр.
Сұрғылт күнін сұлік қып,
Сұрқай тірлік сұлқ тұр.

Жанымды мұң жайлап ап,
Санамды ауыр ой қамап.
Күрсінемін.. бір күнде,
Жүріппін-ау ай қарап.

Өзім – жалғыз.. жарапы,
Жүрек шерлі, қаралы.
У жайлаған кеудемді
Өксік өртеп барады
...Елік шағым қалады.

